

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезіндегі Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының өзара іс-қимылды туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 19 маусымдағы № 9 ұсынымы.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді Одақтың кедендей аумағына айналысқа шығарудың және оның айналысының алдын алу, сондай-ақ Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде Одақта мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында

Одақта мүше мемлекеттерге осы Ұсыным Одақтың ресми сайтында жарияланған күннен бастап Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде қосымшаға сәйкес Тәртіпті басшылыққа алушы ұсынады.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 19 маусымдағы  
№ 9 ұсынымына  
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының өзара іс-қимылды ТӘРТІБІ

1. Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін техникалық регламенттердің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, техникалық регламенттер) талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Одақта мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары) жүзеге асырады.

Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде дара кәсіпкерлер (бұдан әрі – дара кәсіпкерлер) ретінде тіркелген занды тұлғалар мен жеке тұлғаларды тексерулерді үйымдастыруды

және жүргізуді жүзеге асырады, анықталған бұзушылықтардың жолын кесу және (немесе) олардың салдарын жою бойынша мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды, сондай-ақ техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді Одақтың кедендей аумағына айналысқа шығарудың және оның айналысының алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында өзара іс-қимыл жасайды.

Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары туралы ақпарат Одақтың ресми сайтындағы Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Техникалық реттеу және аккредиттеу департаменті бөлімінде орналастырылады (<http://www.eurasiancommission.org/ru/act/texnreg/deptexreg/Pages/default.aspx>).

2. Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің аумағында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтаған жағдайда, мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген қажетті шараларды қабылдайды.

Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары № 1 қосымшаға сәйкес техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім анықталған жағдайда мемлекеттік бақылау (қадағалау) органының типтік іс-қимылдары алгоритмінде көзделген жағдайларда басқа мүше мемлекеттердің тиісті мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарын қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

3. Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары осы Тәртіптің 2-тармағында көзделген техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактілері және қабылданған шаралар туралы №2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жіберу арқылы басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарын және қажет болған жағдайда Комиссияны хабардар етеді.

4. Хабарламаны аумағында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім анықталған мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары осындай орган бұзушылық фактілерінің анықталғаны және мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шаралардың қабылданғаны туралы шешім ресімдеген күннен бастап 7 жұмыс күнінің ішінде басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына және Комиссияға (қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде, оның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісі (бұдан әрі – Интернет желісі) арқылы) жібереді.

Егер мүше мемлекетте техникалық регламенттің талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруға бірнеше органға уәкілеттік берілген жағдайда, хабарлама өнімнің тиісті түрі және (немесе) оның өмірлік циклы мәселелері олардың қарайтын саласына жатқызылған және осы Тәртіптің 1-тармағына сәйкес олар туралы ақпарат Одақтың ресми сайтына орналастырылған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жіберіледі.

5. Хабарлама мынадай мәліметтерді қамтиды:

- а) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтаған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органының толық атауы;
- б) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталған күні және осындай өнім анықталған заңды тұлғаның толық атауы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және заңды тұлғаның қызметін жүзеге асыратын орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда), дара кәсіпкердің тұратын жері және қызметін жүзеге асыратын орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда);
- в) осындай өнім берушілер мен сатып алушыларды айқындауға мүмкіндік беретін тауарға ілеспе құжаттар (жеткізу шарттары, тауар жүккүжаттары, шот-фактуралар және өнім туралы ақпаратты қамтитын өзге де құжаттар) туралы мәліметтер;
- г) өнімнің атауы және таңбалануы, оның аты (бар болған жағдайда) және өнімді сәйкестендіруді қамтамасыз ететін ол туралы өзге де мәліметтер (анықталған техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтарды көрсете отырып (бап, бөлік, тармақ, тармақша));
- д) өнімнің таңбалануында және өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжаттарда көрсетілген өнімді дайындаушының (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның, импорттаушының) толық атауы, заңды тұлғалар үшін – оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және қызметін жүзеге асыратын орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) немесе дара кәсіпкер үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұратын жері және қызметін жүзеге асыратын орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда);
- е) өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжаттың тіркеу нөмірі және қолданылу мерзімі;
- ж) бұзушылықтар фактілерінің анықталуына байланысты мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы өнімге қатысты қабылдаған шаралар туралы ақпарат (мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелері, оның ішінде өнімді зерттеу (сынау) хаттамаларының көшірмелері, сондай-ақ осындай шараларды қабылдауда негіз қызметін атқарған өзге де құжаттардың көшірмелері).

6. Хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары хабарламаны алған (қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде, оның ішінде Интернет желісі арқылы) күннен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде хабарламаны жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын хабарламаның алынғаны туралы хабардар етеді.

7. Хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары хабарламада көрсетілген өнімнің өз мүше мемлекетінің аумағында айналысқа шығарылуының және (немесе) айналыста болуының ықтимал фактілерін анықтайды және осындай фактілер

анықталған жағдайда мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) бойынша іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және көрсетілген іс-шаралар аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осындай іс-шаралардың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы (қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде, оның ішінде Интернет желісі арқылы) хабардар етеді.

8. Өнімнің саны, осындай өнім басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін жіберілген заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер туралы мәліметтерге қатысты қосымша ақпарат алған жағдайда, аумағында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім анықталған мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы осындай ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына (қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде, оның ішінде Интернет желісі арқылы) кідіртпей жібереді.

9. Техникалық регламенттердің талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезіндегі өзара іс-қимылды жүзеге асыру немесе техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтау кезінде келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары өзара консультациялар және келіссөздер өткізеді.

Еуразиялық экономикалық  
одақтың техникалық  
регламенттері талаптарының  
сақталуын мемлекеттік бақылау  
(қадағалау) жөніндегі  
іс-шараларды жүргізу кезінде  
Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
мемлекеттік бақылау (қадағалау)  
органдарының өзара іс-қимылы  
тәртібіне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес  
келмейтін өнім анықталған жағдайда мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының типтік  
іс-қимылдары АЛГОРИТМІ**

**I. Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің аумағында өнімді өткізу (сату)  
жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлғаны немесе  
жеке тұлғаны тексеру кезінде Еуразиялық экономикалық одактың техникалық  
регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін, осы мүше мемлекеттің аумағында  
өндірілген өнім анықталды**

1. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізу нәтижесінде өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламенттерінің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, техникалық регламенттер) талаптарына

сәйкес келмеген және өнімді өткізу (сату) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның (бұдан әрі – сатушы) немесе дара кәсіпкер (бұдан әрі – дара кәсіпкер) ретінде тіркелген жеке тұлғаның осындай сәйкессіздікке әкеп соқтырған осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды бұзы фактілері анықталған жағдайда, Одаққа мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекет, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы):

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының өзара іс-қимылы тәртібінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 19 маусымдағы № 9 ұсынымына қосымша) 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес олар туралы ақпарат Одақтың реиси сайтына орналастырылған техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру үшін жауапты басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына сатушының техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін жөнелткенін растайтын мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда, осындай өнімнің анықталу фактісі туралы хабарлама жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

2. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізудің нәтижесінде өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келетіні анықталса, алайда сатушының өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне, оның ішінде осы өнімді таңбалауға қойылатын міндетті талаптарды бұзы фактілері анықталса, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес сатушының осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне, оның ішінде осы өнімді таңбалауға қойылатын міндettі талаптарды бұзыу фактілері белгіленген өнімнің анықталғаны туралы басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына осындай өнімді басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін сатушының жөнелткенін растайтын мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда анықталған бұзушылықтардың ерекшеліктерін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

3. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізудің нәтижесінде өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін анықталса, бұл ретте сатушының өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне қойылатын міндettі талаптарды осындай сәйкесіздікке әкеп соқтыруы мүмкін бұзыу фактілері анықталмаса, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

осы мүше мемлекеттің аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын осындай өнімді дайындаушыға тексеру жүргізеді;

мыналарға:

аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органға немесе аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы қуәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шеңберінде мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін;

басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталуы фактісі туралы хабарлама жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

4. Егер дайындаушыға тексеру жүргізу нәтижесінде оның техникалық регламенттердің талаптарын бұзыу фактілері анықталмаса, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеру аяқталады.

5. Егер дайындаушыға тексеру жүргізу нәтижесінде оның техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзыу фактілері анықталса, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шенберінде мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін, дайындаушының техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзыуының анықталған фактілері туралы хабарлама жібереді;

Тәртіптің 3, 4 және 8-тармақтарына сәйкес осындай өнімнің Одақтың кедендей аумағына таралуының алдын алу мақсатында, өнімнің мөлшері, жеткізу шарттарына, тауар жүккүжаттарына және басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін қажетті өзге де құжаттарға сәйкес осындай өнім жөнелтілген заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер туралы дайындаушыға тексеру жүргізу нәтижесінде алынған хабарламаны және қосымша ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары хабарламада және қосымша ақпаратта көрсетілген тұлғаларға қатысты мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізуі қамтамасыз етеді және Тәртіптің 7-

тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

## **II. Мұше мемлекеттің аумағында сатушыны тексеру кезінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін, басқа мұше мемлекеттің аумағында өндірілген өнім анықталды**

6. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізу нәтижесінде дайындаушысы басқа мұше мемлекеттің аумағында орналасқан өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтіні және сатушының осындай сәйкессіздікке әкеп соқтыруы мүмкін осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды бұзыған фактілері анықталған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес осындай өнімді басқа мұше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін сатушының жөнелткенін растайтын мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактісі туралы хабарламаны басқа мұше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мұше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мұше мемлекеттің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мұше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мұше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

7. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізудің нәтижесінде өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келетіні анықталса, алайда сатушының осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне, оның ішінде осы өнімді таңбалашуға қойылатын міндетті талаптарды бұзыған фактілері белгілі болса, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес осындай өнімді басқа мұше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін сатушының жөнелткенін растайтын

мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда анықталған бұзушылықтардың ерекшеліктерін көрсете отырып, осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне, оның ішінде осы өнімді таңбалауға қойылатын міндettі талаптарды бұзу фактілері оған қатысты анықталған өнімнің анықталғаны туралы хабарламаны басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

8. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізу нәтижесінде дайындаушысы басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтіні, бұл ретте сатушының осындай сәйкессіздікке әкеп соқтыруы мүмкін осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне қойылатын міндettі талаптарды бұзыу фактілері анықталмаған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шенберінде осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін хабарлама жібереді;

Тәртіптің 3, 4 және 8-тармақтарына сәйкес техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактісі туралы басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына хабарлама және қосымша ақпарат жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

9. Аумағында хабарламада көрсетілген өнімді дайындаушы орналасқан мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы осы мүше мемлекеттің аумағында тіркелген және қызметтің жүзеге асыратын осындай өнімді дайындаушыға тексеру жүргізеді.

Егер дайындаушыға жүргізілген тексерудің нәтижесінде техникалық регламенттердің талаптарын бұзу фактісі анықталмаған жағдайда, тексеру мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен аяқталады.

Мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осындай тексерудің нәтижелері туралы хабардар етеді.

Егер дайындаушыға жүргізілген тексерудің нәтижесінде техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзу фактісі анықталған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шенберінде мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін, дайындаушының техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзуының анықталған фактілері туралы хабарлама жібереді;

Тәртіптің 3, 4 және 8-тармақтарына сәйкес осындай өнімнің Одақтың кедендей аумағына таралуының алдын алу мақсатында, өнімнің мөлшері, жеткізу шарттарына, тауар жүккүжаттарына және басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін қажетті өзге де құжаттарға сәйкес осындай өнім жөнелтілген занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер туралы дайындаушыға тексеру жүргізу нәтижесінде алынған хабарламаны және қосымша ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары хабарламада және қосымша ақпаратта көрсетілген тұлғаларға қатысты мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізуді қамтамасыз етеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

### **III. Мүше мемлекеттің аумағында сатушыны тексеру кезінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін, үшінші елдердің аумактарында өндірілген өнім анықталды**

10. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізу нәтижесінде дайындаушысы үшінші елдердің аумактарында орналасқан өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтіні және сатушының осындай сәйкесіздікке әкеп соқтыруы мүмкін осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды бұзыу фактілері анықталған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес осындай өнімді басқа мүше мемлекеттердің аумактарында сату үшін сатушының жөнелткенін растайтын мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактісі туралы хабарламаны басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекеттің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

11. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізудің нәтижесінде өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келетіні анықталса, алайда сатушының осы өнімді тасымалдау және (немесе)

сақтау және (немесе) сату процестеріне, оның ішінде осы өнімді таңбалауға қойылатын міндettі талаптарды бұзуы фактілері белгілі болса, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес осындай өнімді басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін сатушының жөнелткенін растайтын мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда анықталған бұзушылықтардың ерекшеліктерін көрсете отырып, осы өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне, оның ішінде осы өнімді таңбалауға қойылатын міндettі талаптарды бұзу фактілері оған қатысты анықталған өнімнің анықталғаны туралы хабарламаны басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

12. Егер зертханалық сынақтар (зерттеулер) жүргізудің нәтижесінде өнім үлгілерінің көрсеткіштері (сипаттамалары) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтіні анықталса және сатушының өнімді тасымалдау және (немесе) сақтау және (немесе) сату процестеріне қойылатын міндettі талаптарды осындай сәйкесіздікке әкеп соқтыруы мүмкін бұзуы фактілері анықталмаса, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

мүше мемлекеттің аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға тексеру жүргізеді, не Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес аумағында дайындаушы уәкілеттік берген тұлға тіркелген және қызметін жүзеге асыратын басқа мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органына техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактісі туралы хабарлайды;

аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы күәлік

ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шенберінде осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін хабарлама жібереді;

Тәртіптің 3 және 4-тармақтарына сәйкес осындай өнімді басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін сатушының жөнелткенін растайтын мәліметтер мен құжаттар (шарттар, инвойстар, тауар жүккүжаттары және т.б.) бар болған жағдайда техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактісі туралы хабарламаны басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің осындай хабарламаны алған мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары нарықта техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің ықтимал болуы туралы өздерінің өнірлік бөлімшелерін (бар болған жағдайда) хабардар етеді.

Хабарламаны алған және өз мүше мемлекетінің аумағында хабарламада көрсетілген өнімнің айналысқа шығарылуы немесе айналыста болуы фактілерін анықтаған басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

13. Дайындауши уәкілеттік берген тұлғага тексеру жүргізу нәтижесінде мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шенберінде мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін, техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзудың анықталған фактілері туралы хабарлама жібереді;

Тәртіптің 3, 4 және 8-тармақтарына сәйкес осындай өнімнің Одақтың кедендей аумағына тарапуының алдын алу мақсатында, өнімнің мөлшері, жеткізу шарттарына, тауар жүккүжаттарына және басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында сату үшін қажетті өзге де құжаттарға сәйкес осындай өнім жөнелтілген заңды тұлғалар мен дара

кәсіпкерлер туралы дайындауши уәкілеттік берген тұлғаға тексеру жүргізу нәтижесінде алынған қосымша ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары хабарламада және қосымша ақпаратта көрсетілген тұлғаларға қатысты мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізуі қамтамасыз етеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

#### **IV. Мүше мемлекеттің аумағында өнімді дайындаушыны (дайындауши уәкілеттік берген тұлғаны) тексеру кезінде техникалық регламенттердің талаптарын бұзу анықталды**

14. Егер өнімді дайындаушыға (дайындауши уәкілеттік берген тұлғаға) тексеру жүргізу нәтижесінде техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзу фактілері анықталған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы:

Тәртіптің 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыреті шенберінде мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін, өнімді дайындаушының (дайындауши уәкілеттік берген тұлғаның) техникалық регламенттердің талаптарын, оның ішінде техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалаумен байланысты талаптарды бұзуының анықталған фактілері туралы хабарлама жібереді;

Тәртіптің 3, 4 және 8-тармақтарына сәйкес, осындай өнімнің Одақтың кедендей аумағына таралуының алдын алу мақсатында, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталу фактісі туралы хабарламаны және өнімді дайындаушыны (дайындауши уәкілеттік берген тұлғаны) тексеру кезінде анықталған өнімнің мөлшері, жеткізу шарттарына, тауар жүккүжаттарына және басқа мүше мемлекеттердің аумактарында сату үшін қажетті өзге де құжаттарға сәйкес осындай өнім жөнелтілген занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер туралы қосымша ақпаратты басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына жібереді.

Басқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары хабарламада және қосымша ақпаратта көрсетілген тұлғаларға қатысты мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі

іс-шараларды, оның ішінде тексерулерді жүргізуді қамтамасыз етеді және Тәртіптің 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын осы іс-шаралардың нәтижелері туралы хабардар етеді.

**V. Мұше мемлекеттің аумағында сатушыны немесе өнімді дайындаушыны (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаны) тексеру кезінде сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды ресімдеумен байланысты бұзушылықтар анықталды**

15. Егер сатушыға немесе өнімді дайындаушыға (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға) тексеру жүргізу нәтижесінде сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды ресімдеуді бұзу фактілері анықталған жағдайда, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы мұше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе мұше мемлекеттің мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыretі шенберінде мұше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін (егер сәйкестікті бағалау туралы құжаттар мұше мемлекеттің аумағында ресімделсе) хабарлама жібереді.

Егер сәйкестікті бағалау туралы құжаттар басқа мұше мемлекеттің аумағында ресімделген жағдайда, сатушыға немесе өнімді дайындаушыға (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға) тексеру жүргізген мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы аумағында сәйкестікті бағалау туралы құжаттар ресімделген осы басқа мұше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органына немесе осы басқа мұше мемлекеттің мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органына (егер өнімге мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік ресімделген немесе осындай өнім туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жағдайда) көрсетілген органдардың құзыretі шенберінде мұше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау үшін хабарлама жібереді.

Мұше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органы немесе мұше мемлекеттің мемлекеттік тіркеуді жүргізуге уәкілеттік берілген органы мұше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды және шешім қабылданған күннен бастап 7 жұмыс күнінің ішінде сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды тексеру нәтижелері және қабылданған шаралар туралы мемлекеттік бақылау (қадағалау) органын (қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде, оның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы) хабардар етеді.

Еуразиялық экономикалық  
одақтың техникалық  
регламенттері талаптарының  
сақталуын мемлекеттік бақылау  
(қадағалау) жөніндегі

іс-шараларды жүргізу кезінде  
Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
мемлекеттік бақылау (қадағалау)  
органдарының өзара іс-қымылы  
тәртібіне  
№ 2 ҚОСЫМША  
(нысан)

**Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес  
келмейтін өнімді анықтау фактілері және қабылданған шаралар туралы ХАБАРЛАМА**

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау  
(қадағалау) органы (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық  
регламенттерінің

(бұдан әрі – техникалық регламенттер) талаптарына сәйкес келмейтін өнімді  
анықтаған

органның толық атауы) \_\_\_\_\_

2. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің анықталған  
күні, \_\_\_\_\_

3. Дара кәсіпкер (бұдан әрі – дара кәсіпкер) ретінде тіркелген занды тұлғаның  
немесе

жеке тұлғаның атауы, мекенжайы (техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес  
келмейтін өнім анықталған занды тұлғаның толық атауы немесе дара кәсіпкердің

Т.А.Ә., занды тұлғаның мекенжайы және занды тұлғаның қызметін жүзеге  
асыратын

орынның мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі  
болған \_\_\_\_\_

жағдайда), дара кәсіпкердің тұрғылықты жері және дара кәсіпкердің қызметін  
жүзеге

асыратын \_\_\_\_\_

орынның мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда  
)

4. Құжаттар \_\_\_\_\_

(осындай тауарларды жеткізушилер мен сатып алушыларды айқындауға мүмкіндік  
беретін тауарға ілеспе құжаттар (жеткізу шарттары, тауар жүк құжаттары,

шот-фактуралар \_\_\_\_\_

және өнім туралы ақпаратты қамтитын өзге де құжаттар) туралы мәліметтер)

5. Өнім \_\_\_\_\_

(өнімнің атауы және белгіленуі, оның аты (бар болған жағдайда),  
оны сәйкестендіруді қамтамасыз ететін өнім туралы өзге де мәліметтер (техникалық  
регламенттер талаптарының анықталған бұзушылықтарын көрсетумен (бап, бөлік,  
тармақ, тармақша)) \_\_\_\_\_

6. Дайындаушы \_\_\_\_\_

(өнімнің таңбасында және өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына  
сәйкестігін бағалау туралы құжаттарда көрсетілген өнімді дайындаушиның  
(дайындаушы уәкілеттік) \_\_\_\_\_

берген тұлғаның, импорттаушының) толық атауы, занды тұлғалар үшін – оның  
орналасқан жері ( занды \_\_\_\_\_

тұлғаның мекенжайы) және қызметін жүзеге асыратын орнының мекенжайы  
(мекенжайлары) \_\_\_\_\_

(егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) немесе дара кәсіпкер үшін – тегі, аты

,  
әкесінің аты \_\_\_\_\_

(бар болған жағдайда), тұратын жері және қызметін жүзеге асыратын орнының  
мекенжайы \_\_\_\_\_

(мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда)

7. Құжаттың тіркеу нөмірі және қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_

(өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігі туралы құжаттың  
тіркеу

нөмірі және қолданылу мерзімі) \_\_\_\_\_

8. Қабылданған шаралар \_\_\_\_\_

(Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің мемлекеттік бақылау (қадағалау)

органы қабылдаған шаралар туралы ақпарат (мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде зерттеулер (сынақтар) хаттамаларының көшірмелерін, сондай-ақ шаралар қабылдау үшін негіз қызметін атқарған өзге де құжаттардың көшірмелерін қоса берумен))

---

9. Қосымша ақпарат

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК